

---


**Өздігінен білім алу іс-  
әрекеті - педагогтың  
үздіксіз білім алуының  
шарты ретінде**

# Дәріс жоспары:

- 1.** Қазіргі жағдайда өздігінен білім алу мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің нормасы мен түрі ретінде.
- 2.** Қазіргі педагог тұлғасы өздігінен білім алу субъектісі ретінде.
- 3.** Өздігінен білім алу әдістері

Болашақ маман өзінің ой еңбегін ұйымдастыру барысында оның гигиеналық негіздерін, ол еңбекті жоспаралау, өздігімен білім алу, кітаппен жұмыс істей алу, мұғалімдер беретін дәрісті дұрыс тыңдау, өздік жұмыстарды орындау, семинарларға, конференцияларға, олимпиадаларға, интеллектуалдық сайыстарға дайындалу ерекшеліктерін білуі қажет. Бұл тұрғыда ғылыми ақпараттарды іздестіруде *Интернет* жүйесінің маңызыда зор.

# Мұғалімнің кәсіптік дамуының бағдарламасы



Мұғалімнің өзіндік білім алуына ықпал етеді:



# Мұғалімнің өздігінен білім алуын және оны жетілдіруді қажет ететін негізгі бағыттар:



Креативтік (шығармашыл) мұғалім бұл тізімді өзінің бағыттарымен толықтырады.

Мұғалімнің кәсіптік даму бағдарламасына іздеу, зерттеу қызметінің мүмкіндіктері жатады. Педагогикалық қызметті талдау барысында теориялық білім алудың, диагностика мен өзіндік диагностиканы игерудің қажеттілігі туады.

Адамның іскерліктері оның іс әрекетінің табыстылығының көрсеткіштерінің бірі. Іскерліктер- адамның білімдері мен дағдылар жиынтығымен қамтамасыз етілетін іс әрекеттерді орындау тәсілдері. Ал білім беру саласында, ой еңбегі мәдениетіде оқу жазу, есептеу, ойлау операцияларын меңгеру сияқты оқу іскерліктерін жетілдіру өте қажет.

**Жеке тұлғаның өзегі - оның «Мен»- жүйесі. Әрбір тұлға өзін-өзі тәрбиелеу арқылы «Мен»- жүйесін дамытып, жетілдіріп отыруы қажет. Сондықтан болашақ мұғалімдерде балалар тұлғасын дұрыс қалыптастыру үшін ең алдымен студенттік жастарынан бастап өздерінің жеке «Мен»-дерімен жұмыс істеп, бағыттылықтарын, қабілеттіліктерін дамытып, мінездерің тәрбиелеулері және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде мәдениеттерін жетілдіріп отыруы маңызды.**





# Мұғалімнің қол жеткізетін жетістіктерінің тізімі

---

- пәнді оқыту сапасын жетілдіруі.
- (оқыту санасы мен тиімділігін анықтауға болатын көрсеткіштерді көрсету)
- шығарылған жинақтар, мақалалар
- оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін, формаларын әзірлеу;
- дидактикалық материалдарды, тестілерді, көрнекіліктерді жасау;
- әдістемелік нұсқауларды жасау;
- тренингтерді, семинарларды өткізу;
- зерттеу тақырыбы бойынша іс-тәжірибені жинақтау

*Әр жеке тұлғаның дүние танымы дегеніміз* адамның дүниеге, қоғамдық қатынастарға, табиғатқа, өзіне деген көз қарастар жүйесі, оның бағыттылықтарының формасы. Ал адамның дүние танымы арқылы оның құндылықтары, өмірлік идеалдары мен ұстанымдары байқалады. Барлық адамдарға ортақ бейбітшілік, адам құқықтары, экология, ашаршылықтың болмауына кепілдік, денсаулық т.б. құндылықтардың қажет екендігі сөзсіз.

Ал мұндай жалпыадамзаттық құндылықтар өз бетінше кездейсоқ қалыптаса алмайды, оны жүйелі тәрбие түрінде ұйымдастыру қажет. Ол үшін жас ұрпақ тәрбиесінде мынандай міндеттердің орындалуы маңызды орынға ие:

- дүниежүзілік қарама-қайшылықтар қалай болмасын әр адамға әсерін тигізеді, ондай қайшылықтарды шешуге ат салысуда әр адамның үлесін ескеру;
- жалпы адамзаттық мәселелерді шешуде ұлтаралық, халықаралық, мемлекетаралық байланыстарды нығайтудың қажеттілігін түсінулерін қамтамасыз ету;
- жер бетіндегі бейбітшілік үшін, қоршаған табиғатты сақтау үшін ғылым мен мәдениеттің, барлық елдердің, адамдардың өзара ынтымақтастықтарын қамтамасыз ету.

---

**Қазіргі педагог  
тұлғасы өздігінен  
білім алу субъектісі  
ретінде.**

Кез келген мемлекеттің өркендеуі оның білім беру саласының жағдайына негізделеді, ал білім беру процесіндегі маңызды фигура-ұстаз тұлғасы. Мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі - өскелең ұрпақты қазіргі ғылыми білімдермен қаруландыру, дамыған шығармашыл тұлға ретінде қалыптастыру. Осындай жауапты міндеттерді сапалы деңгейде атқару үшін әр мұғалім өзінің білімін жетілдіріп отыруы қажет. Мұғалімнің кәсіби дайындығы кезінде жинақтаған білімдері бір қалыпта сақталып тұрмайды. Қоғамның дамуына байланысты мұғалімнің білімдері де жаңарып, толықтырылып отыруы керек, себебі қоғамның экономикалық дамуына байланысты жас ұрпақты әлеуметтендірудің жаңа талаптары туындап отырады. Осыған орай қазіргі оқушылардың сұраныстары да жоғарлай түсуде

Сондықтан әр мұғалімнің кәсіби жетілуінің негізгі факторларының бірі болып оның өздігінен білім алуы қарастырылады. Өздігінен білім алу - мұғалімнің тұлғалық өсуінің негізі. Қазіргі кездегі үздіксіз білім беру мәселесі де адамның бір алған білімімен қанағаттанбай, оны заманына сай толықтырып, жаңартып отыруын көздейді. Адам біліммен тек бір оқу мекемесінде ғана қаруланбайды, білім - үлкен құндылық, оны өмір бойы толықтырып отыру қажет. Егер адам білімін үнемі толықтырып, жаңартып отырмаса, ол кәсіби іс-әрекетке де жарамсыз болып қалады.

# Өздігінен білім

## алу

- адамның білім беру мекемелеріндегі жүйелі оқытудан тыс өздік жұмысы арқылы білім алу процесі. Мұғалімдердің өздігінен білім алулары олардың кәсіби біліктіліктерін жоғарлатудың негізгі формасы. Бұл бағытта мұғалімдер озық педагогикалық тәжірибелерді зерттеп, мектептегі немесе тұрғылықты жердегі басқа кітапханалардағы әдістемелік әдебиеттермен танысып, өз жоспарлары бойынша жұмыс істейді. Өздігінен білімді жетілдірудің ұжымдық түрлері ретінде мұғалімдердің біліктіліктерін жетілдіру институттарын, әдістемелік бірлестіктердің жұмыстарын атауға болады. Өздігінен білім алу барысында жас мұғалімдер қазіргі жаңа педагогикалық технологияларды, білім берудің негізгі бағыттарын зерттеп олардың практикалық маңыздылығымен танысады.

Өздігінен білім алудың атқаратын негізгі қызметтері ретінде М.Князеваның мынандай топтамасын келтіруге болады:

- 1. Экстенсивтік** - жаңа білімдерді іздестіру, жинақтау.
- 2. Бағдарлық** – мәдениет және қоғам ішінде өз орнын анықтау.
- 3. Компенсаторлық** - мектептік білімнің олқылықтарын толықтыру, өз біліміндегі кемшіліктерді жою.
- 4. Дамытушылық** - өзіндік сананы, есте сақтау қабілетін, ойлау қабілетін, шығармашылық сапаларын дамыту
- 5. Әдіснамалық** - кәсіби біліктілігін, білімдерін жетілдіру, дүниенің тұтастығын түсіне алу.
- 6. Коммуникативтік** - түрлі кәсіптер, ғылымдар, адамдар арасындағы байланыстарды орната алу
- 7. Шығармашылық** — шығармашылық жұмысқа үйрену.
- 8. Жаңашылдық** — қалыптасып қалған пікірлерге жаңаша көзқарастардың туындауы, ескілікті жою, стереотиптерден арылу.
- 9. Психологиялық** - зиялы адамдар қатарынан екенін сезіну, өзін зиялылар қауымының бір бөлігі ретінде сезіну.
- 10. Геронтологиялық** - жасы ұлғайған адамдардың өздігінен білімдерін жетілдірулері арқылы заманауи жаңалықтардан хабардар болып отыруы.



Өздігінен білім алудың тағы бір маңызды ерекшелігі ретінде адамның білімді ізденудегі құлшынысының, ынта-ықыласының барлығы адамның өз еркінен туындайтынын, сырттан келетін ешқандай ықпалдардың болмайтындығын атап өтуге болады.

Өздігінен білім алудың негіздері әуелі мектеп жасынан басталып, кейіннен орта және жоғарғы кәсіби білім алу барысында жалғасын табады.

Ал жоғары оқу орнындағы болашақ мұғалімдер үшін өздігінен білім алудың негізгі көздері ретінде А.С. Роботова, Т.В.Леонтьева т.б. ұсынған мынандай жағдайларды қарастыруға болады:

*1.Кітапханадағы электрондық және кітап қоры, интернет жүйесін пайдалану.*

*2.Білімді, іскерліктерді жан-жақты жетілдіру курстарына қатысу*

*3.Кәсіби іс-әрекет бағытында жұмыс істеп көру.*

*4.Қоршаған ортадан алынған ақпараттарды білім алу көзіне айналдыру.*

*5.Өздігінен білім алудың құзіретінде әр адамның әуестенушілігін, хоббиін қарастыруға болады.*

Өздігінен білім алу негіздерін жақсы меңгерген маман кәсіби іс-әрекетте үнемі әріптестерінің алды, ұжымның абыройлы тұлғасы, өзінің құзіреттілігімен, бәсекеге қабілеттілігімен гуманистік бағыттылығы негізінде басқаларға үлгі-өнеге болып оларға қолдау көрсете алады.

---

# Өздігінен білім алу әдістері.

**Психологиялық** - педагогикалық әдебиеттерде өзін-өзі тәрбиелеу әдістері әр түрлі топтастырылып келеді. Өзін-өзі тәрбиелеудің толып жатқан әдіс-тәсілдерінің көпшілгі Абайдың қара сөздерінде де жан-жақты қарастырылатыны мектеп қабырғасынан шыққан әрбір оқушыға таныс.

Педагогика ғылымында **Б.Б. Айсмонтас** өзін-өзі тәрбиелеу әдістерін және тәсілдерін ажыратып қарастырады және оларды үлкен үш топқа бөліп жіктейді: өзін-өзі тану, өзін-өзі меңгеру, өзін-өзі ынталандыру әдістері. **1 - суретте** көрсетілгендей әр топқа жататын бірнеше әдістерді атап көрсетеді.

# Өзін өзі тәрбиелеу әдістері

Өзін өзі тану	Өзін өзі меңгеру	Өзін өзі ынталандыру
Өзін өзі бақылау Өзін өзі талдау жасау Өзін басқалармен салыстыру Өзін өзі бағалау	Өзін өзі сендіру Өзін өзі қадағалау Өзін өзі бұйрық беру Өзін өзі иландыру Өзін өзі құптау	Өзін өзі көрсету Өзін өзі мақұлдау Өзін өзі мадақтау Өзін өзі жазалау

Ал өзін-өзі тәрбиелеу тәсілдеріне адамның өз тұлғасын жетілдіру мақсатында өз алдына нақты міндеттер қоюын, ол міндеттердің орындалуы бойынша өткенді ой таразысына тартып өзіне есеп беруін, олардың орындалмауының себептерін анықтауын, өзін арнайы қадағалау негізінде айқындалған өз бойындағы өзгерістерді жүйелі түрде тіркеп жазып жүруді жатқызады.

Ұстаздық жұмыспен айналысатын адамдар өзін-өздері тәрбиелеу арқылы ұстамдылыққа, шыдамдылыққа, сабыр сақтауға, өз ерігі мен эмоциясын басқаруға үйренеді және осылайша өз мінезіндегі кейбір жағымсыз жақтарынан арылады. Балаларға қалай болса солай ұрса салуға болмайтыны анық, сондықтан мұғалім өз ерігін өзіне бағындыра отырып байыппен әдепті сақтау негізінде педагогикалық қарым-қатынас орнатуға тырысады. Өзін-өзі тәрбиелеудің нақты бағдарламасын жасау және оны іске асыру өте жауапты да күрделі іс. Адамның жауапты міндеттерді шешуге тырысуы оның өмірін бай, әрі мазмұнды ете түседі, ерік-жігерін шынықтырады.

Қойылған мақсат орындалды ма, сағат сайын, күн сайын, апта сайын есеп беру қажет. Өзін-өзі тәрбиелейтін адамдар күнделіктер бастап жазады, өздерінің бойындағы өзгерістерді бақылап, жан-жақты талдау жасайды. Мысалы, өз бойыңыздағы ең үш жағымсыз жақтарыңызды дәптеріңізге жазыңыз:

1.Жалқаулық,

2.Көнгіштік,

3.Ұялшақтық.



Өзін-өзі тәрбиелеу әдістері мен тәсілдерінің ішінен өзіңізге ең қолайлысын таңдап алған дұрыс. Көпшілігіміз табысқа жеткендердің іс-әрекетіне еліктейміз де, өз мінез-құлқымыздағы ерекшеліктерді ескермейміз. Педагогтар баланың жеке ерекшеліктерін білу және соған лайық тәсілдер қолдану – тәрбиенің маңызды шарты екенін баса айтады. Өзін тәрбие объектісіне айналдырушы адамға да керегі осы: өзінің табиғи ерекшелігін білу. Көздеген сапаға жету үшін ең әуелі өз мінезіңіздің жақсы жақтарын іске қосу керек. Кемшіліктеріңізді бейтарап қалдырып, назар салмаған дұрыс.